



**БҰЙРЫҚ**

2024 ж. 02.10

Астана қаласы

**ПРИКАЗ**

№ 236

город Астана

**Қазақстан Республикасында Орнықты даму мақсаттарын жер-жерлерге тарату жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 42-бабының бірінші бөлігіне сәйкес және Орнықты даму мақсаттарына өңірлік деңгейде қол жеткізу мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасында Орнықты даму мақсаттарын жер-жерлерге тарату жөніндегі әдістемелік ұсынымдар бекітілсін.

2. Әлеуметтік саланы, құқық қорғау және арнаулы органдарды дамыту департаменті:

1) осы бұйрықты мүдделі тұлғалардың назарына жеткізсін;

2) оны Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Вице-министр

Б. Омарбеков

Қазақстан Республикасы  
Ұлттық экономика министрлігінің  
2024 жылғы «2» қазандағы  
№ 236 бұйрығымен  
бекітілген

**Қазақстан Республикасында Орнықты даму мақсаттарын  
жер-жерлерге тарату жөніндегі әдістемелік ұсынымдар**

**1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы Қазақстан Республикасында Орнықты даму мақсаттарын жер-жерлерге тарату жөніндегі әдістемелік ұсынымдар (бұдан әрі – Әдістемелік ұсынымдар) өңірлердің орнықты дамуын қамтамасыз етудегі практикалық қадамдарды жүзеге асыруға жәрдемдесу үшін жергілікті атқарушы органдарға арналып әзірленді және ол ұсынымдық сипатқа ие.

2. Осы Әдістемелік ұсынымдардың мақсаты жергілікті атқарушы органдарға Орнықты даму мақсаттарын (бұдан әрі – ОДМ) өңірлік деңгейде іске асыру үшін әдіснамалық көмек көрсету болып табылады.

3. Әдістемелік ұсынымдарда пайдаланылатын негізгі ұғымдар:

1) Ерікті ұлттық шолу – ОДМ-ні іске асырудың ағымдағы мәртебесін, сондай-ақ елдің ерекшеліктерін ескере отырып, оларды іске асырудың мүмкіндіктері мен сын-қатерлерін бағалау және одан арғы қадамдарды айқындау мақсатында ел ерікті негізде ұсынатын баяндама;

2) Ерікті жергілікті шолу – ОДМ-ні іске асырудың ағымдағы мәртебесін, сондай-ақ өңірдің ерекшеліктерін ескере отырып, оларды іске асырудың мүмкіндіктері мен сын-қатерлерін бағалау және одан арғы қадамдарды айқындау мақсатында жергілікті атқарушы орган ерікті негізде ұсынатын баяндама;

3) іс-шара – міндет пен индикаторға қол жеткізуге бағытталған іс-қимыл;

4) Орнықты даму жөніндегі өңірлік жұмыс тобы – жергілікті атқарушы органның жанынан құрылатын, ОДМ-ні жергілікті деңгейде іске асыру мәселелерін үйлестіретін консультативтік-кеңесші орган;

5) ОДМ-ні жер-жерлерге тарату – бұл Біріккен Ұлттар Ұйымының 2030 жылға дейінгі кезеңге арналған Орнықты даму саласындағы күн тәртібін орындау тәсілдері мен құралдарының кешені және оны жергілікті атқарушы органдар, бизнес, үкіметтік емес ұйымдар және барлық мүдделі тараптар үшін түсіндіру;

6) ОДМ міндеті – қол жеткізілуі орнықты дамудың алға қойылған мақсатына жақындататын ахуал;

7) мониторинг – ОДМ міндеттері мен индикаторларының іске асырылу барысы туралы ақпаратты жинау және талдау процесі;

8) ОДМ индикаторы – міндеттің іске асырылу деңгейін бағалауға мүмкіндік беретін сандық тұрғыдан өлшенетін көрсеткіш;

9) ОДМ жөніндегі үйлестіру кеңесі – Қазақстан Республикасында ОДМ-ні ілгерілету жөніндегі ұсыныстар мен ұсынымдар әзірлеу үшін құрылған Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы консультативтік-кеңесші орган;

10) ОДМ-ні мониторингтеу комитеті – Қазақстанда 2030 жылға дейін ОДМ-нің қол жеткізілуін мониторингтеуді жүзеге асыру мақсатында құрылған Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің жанындағы консультативтік-кеңесші орган;

11) секторлық топ – салалық сипаттағы мәселелерді шешу үшін Орнықты даму жөніндегі өңірлік жұмыс тобы шеңберінде құрылатын топ.

## **2-тарау. Орнықты даму мақсаттарын өңірлік деңгейде іске асырудың институционалдық құрылымы**

4. Жергілікті атқарушы органдар ОДМ-ні жер-жерлерге тарату үшін Орнықты даму жөніндегі өңірлік жұмыс топтарын құрады.

Өңірлік жұмыс топтарының құрамына:

1) облыстық, қалалық және аудандық деңгейлердегі жергілікті атқарушы және өкілді органдардың өкілдері;

2) құқық қорғау органдарының өкілдері;

3) бизнес пен ұйымдардың өкілдері (талдамалық орталықтар, қаржы құрылымдары, консалтингтік компаниялар, халықаралық ұйымдар);

4) үкіметтік емес ұйымдар, қоғамдық қорлар және жастар ұйымдары;

5) сараптамалық қоғамдастық өкілдері және белсенді азаматтар кіреді.

5. Өңірлік жұмыс тобының мүшелерін және олардың құрамын, санын жергілікті атқарушы органдар айқындайды.

6. Орнықты даму жөніндегі өңірлік жұмыс тобының отырысы қажеттілігіне қарай, бірақ тоқсанына 1 реттен сиретпей өткізіледі. Отырыс қорытындысы бойынша хаттама жасалады.

7. Орнықты даму жөніндегі өңірлік жұмыс тобының функциялары:

1) орталық мемлекеттік органдармен ОДМ-ні іске асыру мәселелері бойынша өзара іс-қимыл жасасу;

2) жергілікті атқарушы органдарға өңірлерге арналған ОДМ индикаторларының тізбесіне қатысты ұсынымдар беру;

3) ОДМ-нің ұлттық міндеттері мен индикаторларын жергілікті деңгейде іске асыру жөніндегі ұсыныстарды әзірлеу;

4) ОДМ міндеттері мен индикаторларының жергілікті деңгейде іске асырылу мониторингінің есебін қарау;

5) орнықты даму шараларын қаржыландыру жөніндегі ұсыныстарды әзірлеу;

б) Орнықты даму жөніндегі өңірлік жұмыс тобы қызметінің жылдық жоспарларын әзірлеу;

7) ОДМ-ні іске асыру бойынша ақпараттық-түсіндіру жұмысына қатысу;

8) Қазақстанның ерікті ұлттық шолуларын, Ерікті жергілікті шолуларды дайындауға қатысу;

9) аудандардың, аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдық елді мекендердің секторлық топтары мен жұмыс топтары құрылған жағдайда олардың есептерін тыңдау.

8. Орнықты даму жөніндегі өңірлік жұмыс топтары шеңберінде бағыттар (экономикалық даму, білім беру, әлеуметтік даму, қауіпсіздік) бойынша секторлық топтар қалыптастырылуы мүмкін.

9. Қажет болған жағдайда аудандардың, аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдық елді мекендердің жергілікті атқарушы органдары жанынан жұмыс топтары құрылады.

10. Секторлық топтардың саны, олардың басшылары мен құрамы Орнықты даму жөніндегі өңірлік жұмыс тобының шешімімен айқындалады.

### **3-тарау. Орнықты даму мақсаттарын өңірлік деңгейде енгізу**

11. ОДМ-ні өңірлік деңгейде енгізу мынадай тәсілдер:

1) ақпараттық-түсіндіру жұмысы;

2) ағымдағы жағдайды диагностикалау, ОДМ-нің басым міндеттері мен индикаторларын айқындау;

3) орнықты даму индикаторларына қол жеткізуді жоспарлау және оларды жергілікті деңгейде іске асыру;

4) ОДМ-нің іске асырылу процесін мониторингтеу негізінде жүзеге асырылады.

### **4-тарау. Ақпараттық-түсіндіру жұмысы**

12. Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, аудандардың, аудандық маңызы бар қалалардың медиа-жоспарларына орнықты даму мәселелері жөніндегі іс-шараларды қосу ұсынылады.

13. ОДМ бойынша өңірлердегі ақпараттық-түсіндіру жұмысы мынадай іс-шараларды:

- 1) бұқаралық ақпарат құралдарындағы мақалаларды, бейнероликтерді, баяндамаларды;
- 2) білім беру мекемелеріндегі іс-шараларды, тақырыптық конференцияларды, концерттерді, веложарыстар мен жәрмеңкелерді;
- 3) белгілі тұлғалармен өзара іс-қимылды, ОДМ елшілерін айқындауды қамтуы мүмкін.

### **5-тарау. Ағымдағы ахуалды диагностикалау, Орнықты даму мақсаттарының басым міндеттері мен индикаторларын айқындау**

14. ОДМ индикаторларын жер-жерлерге тарату үшін ұлттық индикаторларға (өзекті индикаторлар, мониторингке арналған индикаторлар) өңір үшін өзектілігі мен басымдығы тұрғысынан талдау жүргізу қажет.

15. Өңірлік деңгейдегі міндеттер мен индикаторлар жоғары тұрған стратегиялық құжаттарды негізге ала отырып, сондай-ақ «Ешкімді шетте қалдырмау» қағидатына сәйкес әртүрлі нысаналы топтар арасында фокус-топтар, сұхбаттар, әлеуметтанушылық сауалнамалар жүргізу кезінде жүргізілетін зерттеулерді негізге ала отырып айқындалады.

16. Өңірге арналған индикаторларды жергілікті атқарушы органдар Өңірлік жұмыс тобының ұсынымдарын ескере отырып, ОДМ индикаторларының үлгілік тізбесі негізінде айқындайды. Өңірлерге арналған ОДМ индикаторларының тізбесі осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес қалыптастырылады.

17. ОДМ мониторингтеу комитеті өңірлерге арналған ОДМ индикаторларының үлгілік тізбесін ұсынады.

18. ОДМ индикаторларын жер-жерлерге тарату үшін өңірге арналған ОДМ индикаторларының үлгілік тізбесіне басымдық тұрғысынан талдау жүргізу ұсынылады.

19. Индикаторлардың өңірлік деңгейдегі басымдығы өңірдің ерекшелігіне, сондай-ақ өңір халқының мүдделері мен қажеттіліктеріне негізделе отырып айқындалады. Халықтың әлеуметтік осал топтарына (балалар, жастар, жас мамандар, зейнеткерлер, мүмкіндігі шектеулі адамдар) ерекше назар аудару қажет.

20. ОДМ-ні жер-жерлерге таратуды талдау нәтижелерін Өңірлік жұмыс тобы қарайды.

21. Талдау нәтижелерін қарау қорытындысы бойынша Өңірлік жұмыс тобы ОДМ міндеттерін одан әрі іске асыру туралы ұсыныстар қалыптастырады.

22. Өңірлерге арналған ОДМ индикаторларының тізбесін жергілікті атқарушы органның Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігімен келісу бойынша бекітуі ұсынылады.

## **6-тарау. Орнықты даму индикаторларына қол жеткізуді жоспарлау және оларды жергілікті деңгейде іске асыру**

23. Орнықты даму индикаторларына қол жеткізуді жоспарлау мынадай іс-шараларды көздеуі мүмкін:

1) индикаторларды Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің әдіснамалық талаптарына сәйкес мемлекеттік жоспарлаудың өңірлік құжаттарына қосу;

2) гранттар бөлетін және/немесе нақты жобаларды қаржыландыратын халықаралық ұйымдармен және донорлармен бірлескен жобаларды іске асыру;

3) халықтың өмір сүру сапасын жақсарту жөніндегі жобаларға демеушілік қаражат тарту;

4) ОДМ-ге қол жеткізу бойынша үкіметтік емес секторды тарту және онымен өзара іс-қимыл жасасу;

5) өңірлерде ОДМ-ге қол жеткізуді және оны іске асыруды талқылауға халықты, сарапшыларды және басқа да стейкхолдерлерді тарту.

24. Қажет болған жағдайда ОДМ міндеттері мен индикаторларын мониторингтеу нәтижелері ескеріле отырып, ОДМ-ні өңірлік деңгейде іске асыру жөніндегі жол картасы әзірленеді.

## **7-тарау. Орнықты даму мақсаттарын іске асыру прогресін мониторингтеу**

25. ОДМ-ні іске асыру прогресін мониторингтеу ресми статистикалық деректер, ОДМ-нің міндеттері мен индикаторларының жергілікті деңгейде іске асырылу барысы туралы есептер мен ақпарат негізінде жүргізіледі.

26. ОДМ-ні мониторингтеу кезінде ОДМ индикаторларын мемлекеттік жоспарлау жүйесінің өңірлік құжаттарында имплементациялау деңгейіне бағалау жүргізіледі.

27. Жергілікті атқарушы органдарға ОДМ міндеттері мен индикаторларының іске асырылуын мониторингтеу жөніндегі есепті Орнықты даму жөніндегі өңірлік жұмыс тобына жылына бір рет, бірақ есепті кезеңнен кейінгі жылдың 15 қаңтарынан кешіктірмей осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша беру, кейіннен Өңірлік жұмыс тобының қарау қорытындылары негізінде мониторинг нәтижелерін ОДМ жөніндегі үйлестіру кеңесінің жұмыс органына есепті кезеңнен кейінгі жылдың 1 ақпанынан кешіктірмей беру ұсынылады.

Қазақстан Республикасы  
 Ұлттық экономика  
 министрлігінің  
 2024 жылғы «2» қазандағы  
 № 236 бұйрығына  
 1-қосымша

**Өңірлерге арналған Орнықты даму мақсаттары индикаторларының тізбесі**

№	индикатор №	Ұлттық индикатор	Өңірге арналған индикатор	Жіктеу 1, 2, 3	Базалық мәні	Нысаналы мәні	Жауапты ЖАО
1.							
2.							
3.							

Индикаторлардың жіктелуі:

- 1 – өзекті индикаторлар;
- 2 – мониторингке арналған индикаторлар;
- 3 – іс-шаралар.

Индикаторларды жіктелуі бойынша түсіндірмелер:

Өзекті индикаторлар – бұл мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарына міндетті интеграциялау үшін айқындалған басым мәселелер бойынша индикаторлар. Бұл индикаторлар мемлекеттің басым міндеттеріне сәйкес келеді және олар бойынша пәрменді және тиімді шаралар қабылдау бөлігінде жүйелі жұмыс жүргізу қажет.

Мониторингке арналған индикаторлар – бұл тиісті мемлекеттік органдардың мониторинг жүргізуі жеткілікті болатын индикаторлар. Бұл топқа оң динамикасы бар және қол жеткізілу дәрежесі жоғары индикаторлар, сондай-ақ жүйелі шаралар іске асырылатын индикаторлар белгіленді. Мұндай индикаторлар бойынша мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарына міндетті интеграциялау талап етілмейді.

Іс-шаралар – бұл ұлттық индикаторларды іске асыруға бағытталған шаралар.

Қазақстан Республикасы  
 Ұлттық экономика  
 министрлігінің  
 2024 жылғы «    »  
 №    бұйрығына  
 2-қосымша

Нысан

**Орнықты даму мақсаттарының міндеттері мен индикаторларының іске асырылуын мониторингтеу**

р/с №	Атауы	Жауаптылар	Ақпарат көзі	Өлшем бірлігі	Есепті жыл	Жоспар	Факт	Қажет болған кезде түсіндірмелер
1	2	3	4	5	6	7	8	9
<b>Индикаторлар</b>								
1.	1-индикатор							
2.	2-индикатор							
3.	3-индикатор							
<b>Іс-шара*</b>								
1.	1-іс-шара							
2.	2-іс-шара							
3.	3-іс-шара							

\* Бастамашыл топ аудандық деңгейде индикаторлар болмаған жағдайда іс-шаралар бойынша есептілік нысанын толтырады